

2024 жылдың 12 сәуір Агрономия факультетінің «Биология, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының бітіруші түлектері жұмысқа орналастыру бойынша жыл сайынғы кезекті «Түлектер жәрмеңкесі - 2024» іс-шарасына қатысты.

Жәрмеңкенің ашылу салтанатында Агрономия факультетінің деканы м.а., Сатыбалдиева Гүлмира Қалмашқызы сөз алып факультеттің ПОҚ мен бітіруші түлектерімізді қолдап келген мекемелерді атап өтті.

Жәрмеңкеге бос орындарға жас мамандарды жұмысқа шақыру мақсатында сөз алғандар: ҚР АШМ «Ауыл шаруашылық дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы» РММ-нің төраға орынбасары Кадринов Нұрғали Хасенұлы, ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» ММ-нің қызметкері Марат Нұргүл, Ақмола аймақтық және Аршалы, Целиноград аудандық «фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» ММ-ң жетекшілері Садықов Нұрбек Мергенұлы, Тасбулатов Жанбатыр Токтарұлы, Темиржанов Қанат Жайсанұлы, ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің «Ақмола аймақтық инспекциясы» ММ-ң жетекшісі Айтқужин Қанат Қажығалиұлы және осы мекеменің бөлім меңгерушісі Қалиев Жоламан Ебенұлы, «Шортанды аймақтық инспекциясы» ММ -ң жетекшісі Бимендина Салтанат Жеңісқызы, «Бірінші агрохимиялық компания» ЖШС-ң маркетинг қолдау менеджері Айтқұлов Арман Қадырбекұлы, «Казахстанская аграрная экспертиза» АҚ Гильманова Елена Николаевна, «Agrostream» ЖШС-і қызметкері Жансеитов Азамат Абдулгазизұлы.

ҚР АШМ-не қарасты 12 мекеме, ауыл шаруашылығымен және пестицидтерді таратумен айналысатын 14 ЖШС, 1-ЖК , 1 АҚ жетекшілері қатысып сөз алғандар аймақтарда агроном, агроном-энтмолог, агроном фитопатолог, герболог, аймақтық және аудандақ инспекторлардың жеткіліксіздігін тілге тиек етті. Жәрмеңкеге қатысқан бітіруші түлектеріміз жұмыс берушілермен жеке кездесіп, аймақтар бойынша бос орындар , жас мамандардың жалақысы туралы және жұмысқа орналасқан мамандарға берілетін көмектер туралы кеңес алды және түйіндемелерін тапсырды.

«Биология, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасы бойынша «Өсімдік қорғау және карантин» , «Биология» мамандығының түлектеріне төменде аталған кәсіпорындар мен ұйымдар бос орындарын ұсынып, жәрмеңкеге тікелей атсалысты.

1. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің « Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» жетекшісі м.а., Талғат Әмірұлы Жанбаев
2. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Астана қаласы бойынша аймақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің жетекшісі Алиев Мұхтар Серікұлы

3. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Целиноград аудандық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» жетекшісі Қ.Ж . Теміржанов
4. «Alem Agro Holding» ЖШС-ң бас директоры Э. Кемелов
5. «Ботаника және фитоинтродукция институты» Астана ботаникалық бағы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның директоры М.Р. Ражанов
6. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Қорғалжын аймақтық инспекциясы» ММ-ң жетекшісі Кайдаулов Е.С.
7. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Шортанды аймақтық инспекциясы» ММ-ң жетекшісі Биендина С.Ж.
8. «Астана-Нан» ЖШС-ң Бас директоры Ы Исаев
9. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Ақмола облыстық аймақтық инспекциясы» ММ-ң жетекшісі К.К. Айтқужин
10. «Бірінші агрохимиялық компания» ЖШС-нің маркетингтік қолдау менеджері Айтқұлов Арман Қадырбекұлы

Аталған кәсіпорындар мен ЖШС-нің жетекшілері төмендегідей бос орындар лауазымдарын ұсынды.

1.ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ бойынша -44 маман

- Фитапотолог-12
- Энтомолог-17
- Герболог-11
- Агроном-1
- Зертханашы-3

2. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Қорғалжын аймақтық инспекциясы» ММ -1 инспектор

3. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Сандықтау аймақтық инспекциясы» ММ -1 инспектор

4. ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Шортанды аймақтық инспекциясы» ММ -1 инспектор

5. Астана ботаникалық бағы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы – 1- агроном , 2 -жасыл екпелер егуші

«Түлектер жәрмеңкесі -2024» іс-шарасының соңында жұмыс берушілер мен түлектермен пікір алмасып, жұмыс (жалақы мөлшері, әлеуметтік пакет, тұрғын үймен қамту, манасаптық өсу, көтерме ақы және т.б.) туралы әңгіме

жүргізді. Жұмыс берушілер тұлғалардың түйіндемелерімен танысып, байланыс ақпаратымен алмасты.



